

#8-9

(983-984)

12 сәуір

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



ТАСҚЫНҒА — ТОСҚЫН

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыздар)

▼ BRENT \$89.85

▼ USD 447.5 T

▼ EUR 485 T

▼ RUB 4,75 T

АЙТЫП КЕЛЕТІН АПАТҚА ДАЙЫН ОТЫРУ КЕРЕКТІГІ ЖЫЛ САЙЫН АЙТЫЛАДЫ. БИЫЛ ДА ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ЕСКЕРТІЛДІ. СОНДЫҚТАН ДА НАУРЫЗДЫҢ СОҢЫНДА ӨТКЕН ШТАБ ОТЫРЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАТЫСТЫ БОЛЖАМНЫҢ ДА, ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ДА БОЛМАҒАНЫН АЙТЫП, ҚАТАҢ СЫНҒА АЛДЫ. «БИЫЛҒЫ ҚАРҒЫН СУ АУҚЫМЫ ЖАҒЫНАН СОҢҒЫ 30 ЖЫЛДАҒЫ ЕҢ ІРІ СУ ТАСҚЫНЫ САНАЛҒАН 2012 ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДЕҢГЕЙДЕН АСЫП КЕТТІ. БҰЛ НЕНІ БІЛДІРЕДІ? БОЛЖАМ ЖҰМЫСТАРЫ МҮЛДЕМ БОЛМАҒАН. ЖАҒДАЙ САЛАЛЫҚ МАМАНДАРДЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ТУЫНДАП ОТЫР. ЕГЕР ӘКІМДІКТЕР ЖЫЛ САЙЫН СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ЖОСПАРЛАНҒАН БАРЛЫҚ ІС-ШАРАНЫ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНДА, АУА-РАЙЫ ЖАҒДАЙЫН ЕСКЕРГЕННІҢ ӨЗІНДЕ, АПАТТЫҢ САЛДАРЫ МЕН АУҚЫМЫ МҰНШАЛЫҚТЫ БОЛМАС ЕДІ. СОҒАН ҚАРАҒАНДА, ӘКІМДІКТЕР БҰЛ ЖҰМЫСТАРМЕН АЙНАЛЫСПАҒАН», – деді Президент.

Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Оның айтуынша, әкімдіктер еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуі керек.

Мемлекет басшысы Үкімет бекіткен Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын сынға алды

Оның пікірінше, тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары декларативтік сипатқа ие. Құжат су тасқыны салдарынан болатын шығынның алдын алу және азайту мәселесін кешенді түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан тұжырымдаманы қайта қарау жөнінде міндет жүктелді.

«Құзырлы мекемелер, яғни әкімдіктер, төтенше жағдайлар министрлігі, су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс істемейді. Жауапкершілік алудан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий – мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және әкімдіктер арасында нақты әрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл – министрліктің негізгі мақсаты. Осы мәселеге баса

назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруы керек», – деді Президент. Мемлекет басшысы су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты. Президент су ресурстары, ирригация салалары бойынша техникалық мамандардың тапшылығына назар аударды. Осыған қатысты Үкіметке шұғыл түрде шешім қабылдауды тапсырды. «Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің жұмыстарыңызды

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

ТАСҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ӘРБІР ЛАУАЗЫМ ИЕСІ ТІКЕЛЕЙ ЖАУАП БЕРУІ ТИІС



немқұрайлы және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен материалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әл-ауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады», – деді Президент.

Мемлекет басшысының сынынан кейін қандай қорытынды шығарылды?

Қазір қарғын суға қарсы барлық күш жұмылдырылды. Үкімет басшысынан бастап, ТЖМ, күштік құрылымдар, әскерилер, еріктілер, бірді-екілі депутаттар қызыл судан зардап шеккен аймақтарда жүр. Тәулік бойы онлайн баспасөз мәслихаты өтіп, егжей-тегжейлі есеп беріліп жатыр.

Тілсіз жаудың беті түбі қайтар. Тек биылғыдан сабақ алып, алдын ала қамдану керек. Өйткені мамандар су тасқыны бұрынғыдай 30-40 жылда емес, бес жылда бір қайталануы мүмкін деп төндіріп отыр.

Талап ТІЛЕГЕН

ФОТОРЕПОРТАЖ



ТАСҚЫНҒА — ТОСҚЫН

Су тасқыны жағдайы бойынша
12 СӘУІР, ТАҒҒЫ САҒАТ 10-ДАҒЫ
АҚПАРАТ

Азаматтық қорғау қызметтері

99 869 АДАМДЫ,

оның ішінде **36 591** БАЛАНЫ
ЭВАКУАЦИЯЛАДЫ.

Уақытша орналастыру пункттерінде

6 586 АДАМ, оның ішінде

3 197 БАЛА БАР.

9 МЛН. МҰЗ ЕРІГЕН қар суы

сорылды, **1,6** МЛН. АСТАМ

ҚАПШЫҚ және **1,2** МЛН. ТОННА
ИНЕРТТИ МАТЕРИАЛ ТӨСЕЛДІ.

3052 ТҰРҒЫН ҮЙ мен **1 935**

АУЛА АУМАҒЫНАН СУ БҰРЫЛДЫ.



Дерек көзі: ТЖМ
Суреттер: ТЖМ

БҮГІНДЕ ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ, ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІ ҚОҒАМДАҒЫ ӨТКІР МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ. НӘЗІК ЖАНДЫЛАР ЖАППАЙ ДАМЫҒЫСЫ КЕЛЕДІ, ӨЗГЕРГІСІ КЕЛЕДІ, ӨЗ ЖОЛЫН ТАПҚЫСЫ КЕЛЕДІ. БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНЕ НЕ ЖЕТІСПЕЙДІ? БІЗДІҢ ҚОҒАМ ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШУДЕ? БҮЛ ЖАЙЫНДА БІЗ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ САРАШ ҚОҢЫРБАЕВАМЕН ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН ҚҰРДЫҚ.

САРАШ ҚОҢЫРБАЕВА:

«ГЕНДЕР» ДЕП АЙҒАЙЛАП ҚОЙЫП, БАСҚА НӘРСЕЛЕРДІ ТЫҚПАЛАП ЖАТҚАНДАР БАР



Jas Qazaq: Сараш Сахиқызы, қазір қоғамда әйел рөліне қатысты түрлі пікірлер айтылып жүр. Қандай мәселе болсын, барлығында нәзік жандылар белсенді. Тіпті әйел адам еркектен бір саты төмен емес, теңдей болу керек деген тенденция қалыптасты. Сіз осыған не дейсіз?

Сараш Қоңырбаева: Әрине, адамдар дамығысы келеді, жақсы жағына қарай өзгергісі келеді. Жақсы жетістікке еткендер де өзгергісі келеді. Өзін-өзі таба алмай жүргендер де өзгергісі келеді. Кедейлер байығысы келеді, байлар тағы да бір мүмкіндіктерге қол жеткізгісі келеді. Бұл – заңдылық.

Жазушы Мұхтар Әуезов ең алғашқы мақаласын «Адамдық негізі – әйел» деп атап, әйел тақырыбына арнаған. Қоғамдағы қандай тақырып болсын, әйелдерден бастау алады десек, қателеспейміз.

Қоғамды жаңарту барысында дәстүрлі дәуірден кеңестік кезеңге көшкен кезде әйел теңсіздігі жайлы айтылды. Бұл кеңестік идеологияның басты бағыттарының бірі еді. Шындығында, көшпелі мәдениеттегі қазақ өмірінде ерлермен қатар атқа қонған батыр қыздары болған, қыз бен жігіт өнер сайысына қатар түскен. «Қыз бен жігіт айтысы», «Қыз қуу», «Алтыбақан», «Ақ сүйек» сияқты ойын-сауықта қатар жүргені теңсіздікті білдірмейді ғой. «Қыз – қонақ», «Ырыс алды – қыз», «Жұмақ ана табанының астында» деген түсініктегі елдің әйелі теңсіз болды деп айтуға болмайды. Кейде пікірлесу барысында білім алушылар да «әйелді шалға сатқаны»,

қалыңмал болғаны өтірік емес қой деп айтып жатады. Ал қазір қалыңмал тоқтап қалды ма, бар ғой. Жар таңдау еркіндігі өзіне берілген мына заманда шалға кетпей жатырма? Қай ата-ана қызына «екінші әйел бол» деп айта алады? Мұндай жағдайлар қазір де бар. Демек бұл – теңсіздік емес, өмір заңдылығы.

Қазір ата-ана өзінің функциясынан айрылып қалды. Қыз баланы «дұрыс жерге қондыру» деген функцияда іштей тілектес болып қана отырады. Өздігінен қызының бақытты болуы үшін жол іздеп, «қызымды қалай тұрмысқа берем, кіммен бақытты бола алады» деген перспективаны құратын ата-ана аз. Сондықтан отбасылық өмірге даярлау мәселесі мектептен қолға алынуы керек. Отбасынан, балабақшадан, мектеп пен жоғары оқу орнынан үздіксіз білім беруден қолға алынатын нәрсе. Бұл тек әйелдердің ғана мәселесі емес, еркектердің де мәселесі. Неге әйелдер туралы көбірек айтылады? Бізде ерлер тақырыбы минусқа кетіп бара жатыр. Гендерлік теңсіздік ерлер жағына ойысып барады. Қоғамның ең белсенді мүшелері әйелдер болғандықтан да олар жайлы айтылған ащы пікірлерді жиі естиміз.


Шын мәнісінде әйелдерге қатысты «Әйелдер, өздеріңді жақсы көріңдер», «нәзік болыңдар» немесе «мықты болыңдар» деген пікірлер айтылып жатса, ол көп адамға жақпай да қалады. Әйелдер неге жан жарасын ашып айтады, қоғамды неге өздері үн-түнсіз дұрыстай бермейді дейтін болар. Әйелдің жарасы – ол қоғамның жарасы. Біздің білім беру жүйесінде жыныстық тәрбие дұрыс берілмейді, оның көптеген факторлары бар.

«Гендер» деген ұғым жыныс арасына іріткі тудыратын идея емес, керісінше, бұл қоғамның дамуында әділетті ұстанымға негізделуі. Бірақ осы гендер

түсінігінің артына жасырынып бас көтеретін радикалды феминизм, ЛГБТ, т.б. бар, қоғамның ішіндегі ең өзекті жарасы осы. Қоғамды осындай бірнеше түсінік аясында бөлгендіктен де бұл ұғымды теріс қабылдаушылар көп. Негізі гендер деген – қоғамдағы ер мен әйелге қатысты қарым-қатынастың дұрыс реттелуі. Ал ол жерде теріс бағытпен гендер деп айғайлап қойып, басқа нәрселерді тықпалап жатқандар бар. Мен үнемі айтып жүремін: бізге шетелден келетін түрлі қорлар бар ғой, солардан сақ болуымыз керек. Олардың төлейтін аз ғана тиын-тебеніне малданып, біздің кейбір қайраткерлер мен білімділер қоғамда әйелдерді қорғаған болып, ұлттық дүниетанымымызға келмейтін түсінікті жақтамақшы болады. Солардан да келетін қауіп бар бізде. Жалпы қоғамда әйел мен ер мәселесі тең қаралуы керек.

түрлі психологтар мен коучтар келін мен енені бір-біріне қарсы қойып, тіпті «қызыңа үй тірлігін үйретпе» деген ақыл айтатын болды. Неліктен мұндай үрдіс кеңінен етек жайды?

Сараш Қоңырбаева: Кәсіби психологтар туралы айтсақ, олардың кәсібилігі ғылымдағы теориялық мәселелерден артылмай жатыр. Ал кәсіби практик-психологтар аз. Сондықтан болар, практикалық психологияға қызығатындардың көбі шағын курстан өтіп, сертификат алады. Қызыл тілге салып, шетелдің психологиясын аударма жасап тықпалайды. «Қондырма» немесе аударма барлық уақытта сәтті бола бермейді, демек қабылданбайды. Қарапайым мысал: менің жасымдағы америкалық әйелдің киімін маған кигізіп қойса, жараспайды ғой. Сол сияқты дүние. «Қызыңызға үй тірлігін



Басқа қоғамды білмеймін, біздің қазақ қоғамында әйелдер белсенді. Әйелдер кәсіпті те жүргізіп жатыр, отбасы тәрбиесіне де белсенді әйелдер, өзін дамытқысы келіп жүргендер де әйелдер. Әйелдердің иығына салмақ көп түсіп кетті деп ойлаймын. Әйел мәселесі дейміз де, қоғамдағы ер адамның өз отбасындағы жетекші рөлде болуы маңызды екенін ұмытамыз.

Jas Qazaq: Соңғы кезде әлеуметтік желіде қаптап кеткен

жасатпаңыз» деп пікір айтқан «ақылгөй» ханымның пікірін естідім. Бұл бір жағынан жанашырлықпен айтылған нәрсе. Тұрмыстың деңгейіне балаларымызды байлап қоймайықшы дегені болар. Бірақ ол қателесіп тұр. Ал расында білген мен білмеген бірдей емес. Не нәрсені көбірек білсең, соған дағдыланасың. Дағды дегеніміз – сіздің мәдениетіңіздің көрсеткіші. Ештеңені білмей тұрсаңыз, ең сорақысы сол.

Біз баламызға «сабағыңды жақсы оқы, ертең грантқа түсуге тырыс» деп мақсат қоямыз. Шын мәнісінде грант бақыттың кілті емес қой. Баланы өмірге даярлауымыз керек. ҰБТ балына емес, өмір талабына. Әлгі психолог (егер психолог болса) осындай ащы ойлары арқылы жұрт назарын өзіне аударуды ойлаған сияқты. Меніңше, бұл «фишкасы» дұрыс шықпай қалды. «Ұшқан құс, жүгірген аң тамақ үшін» дейді ғой, сол сияқты психолог-коучтардың да көздегені атағын шығару арқылы қалтасын қампайту болуы мүмкін.

«Мен еркек болмаймын, әйел боламын» дейтіндерден қорқамын

азаматтың өзіндік таңдауына құқық пен еркіндік беріліп, елімізге неше түрлі діни ағымдар мен сенімдер ендеді. Біз қазір соның зардабын тартып келеміз. Қазақ қоғамында

көлік, қымбат бағалы зат сұрап жатқандар бар. Үйі жоқ, күйі жоқ енді отбасылы болып жатқан жігіт оны қайдан алады? «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейді



САРАШ ҚОҢЫРБАЕВА:

«ГЕНДЕР» ДЕП АЙҒАЙЛАП ҚОЙЫП, БАСҚА НӘРСЕЛЕРДІ ТЫҚПАЛАП ЖАТҚАНДАР БАР

Jas Qazaq: Бүгінде өз дәстүріміз ұмыт болып, арабтың «мәһірі», шетелдің «гендер патии» сынды дүниелері сіңе бастады. Бүйте берсек, рухани құндылықтарымыздан айырылып қалмаймыз ба?

Сараш Қоңырбаева: Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізге көмек қолын созған көптеген ұйымдардан инвестиция құйыла бастады. Солармен бірге түрлі сенімдерге негізделген секталар келді. Секта дегеніміз дәстүрлі дін емес. Ал дін – ұлттық құндылықтарымыздың бір құрамы. Әбсаттар Дербісәлі қажы Бас мүфти болып тұрған кезде сол кісіден «Мұсылмандарымыз неге басқа дінге кетіп жатыр, сіздер неге осыны қадағаламайсыздар?» деп сұрағанымда, ол кісі: «Айналайын, мен солармен бір тізімде тұрмын», – деп жауап берді. «Мемлекет діннен бөлек» дегеннен кейін,

тек дәстүрлі дінге ғана қатысты «арабқұл», «уахабист», «дінкеш», «діндарлар», «тәңіршілдер», «атеистер» деген атаумен бірін мойындамайтын топтар шықты. Соңғы уақытта арабтандырудан да бөлек, тәңіршілдік деген ағым қатты белсенділік танытып барады. Ислам діні – әлем мойындаған діннің бірі. Ал енді «тәңіршілдік» деген ұлттың арасына іріткі салу үшін әдейі жасалынып жатқан арнайы жоба дегенді естігенде, шынымен қазақ қоғамының басы бірікпей «ұлттық мүдде», «ұлттық құндылық» деген асыл ұғымдар бізден алыстап кетме деп қорқасың.

Қазақ қоғамында бұрын болмаған еді демесек, мәһірден де қорқудың қажеті жоқ. Әйелдің ерінен алатын неке қиылған күнінен естелік, жеке өзіне тиесілі сыйлық. Бұл әйелдердің қанағатын өлшеуге берілген тест секілді. Басы құралмай жатып үй,

қазақ. Сондықтан қыз бала да кімге тұрмысқа шығып жатқанын біліп, ойланып сұрағаны дұрыс шығар. Сүйген адамын өмір бойы қарыздар етіп қою, қор сезіндірудің несі мұрат, несі бақыт?!

Өз басым орамал тартып жүрген қыз-келіншектерді кінәлаудан аулақпын. Жаулықты әйел тартпағанда кім тартады, еркек тартпайды ғой. Қап-қара хиджаб пен никапқа оранбай, өз мәдениетіміздегі жаулық пен кимешекті заман талабына сай жандандырып, сән әлеміне әкелер болса, біздің өз киімдеріміз де әсем ғой. Қазір осыны қолға алып жатқан сәнгерлер мен дизайнерлер баршылық, оған батыл қадам жасауды алдыңғы буын біз бастауымыз керек шығар.

Егер әр адамның діни сенімге құқығы болса, онда Ислам талаптарын ұстанып, орамал тартқан қыз-келіншектерден қорқуға еш

негіз жоқ. Мен жынысына сай рөлдерден бас тартып, «мен әйел болмаймын, еркек боламын» немесе «мен еркек болмаймын, әйел боламын» дейтіндерден қорқамын. Иә, таңдау құқығы мен соған сай ерекшеліктері бар шығар, сонда да ұлымызды отбасының тірегі – ер-азамат, қызымызды болашақ ана болатындай тәрбиемен өсірген дұрыс деп санаймын.

Ал «гендер пати» – заман ағымымен келген нәрсе. Бірақ көзсіз еліктеп, сорақылыққа айналдырып алмасақ екен, көзсіз қайталаушылыққа кетіп қалмайық деген ой бар.

Осы қоғамдағы келеңсіздіктер мен тәрбиедегі олқылықтарды қалпына келтіруде не істей аламыз деп жиі ақылдасатын ұлт жанашырлары мен біраз ғалымдар жиналып, «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігін құрды. Құрылғанына бір жыл болды. Осы уақыт аралығында біршама жұмыстар атқарылды. Жоспарымыз өте үлкен. Еліміз қателіктер мен кемшіліктерді түзеу және алдын алу бойынша біраз кезеңдерден тәжірибе жинақтап, ұлттық құндылықтарға негізделген өмір салтына келеді деген ойдамын.

Jas Qazaq: Тәжірибелі педагог ретінде бүгінгі ата-анаға не жетіспейді деп ойлайсыз? Қазіргі интернеттің дамыған заманында мұғалімдерге де қойылатын талап күшейді. Ұстаз жұмысына баға беретіндер де көбейіп кетті. Ата-ана бала тәрбиесінде не нәрсеге мән бергені дұрыс?

Сараш Қоңырбаева: Қазіргі ата-аналар мұғалімдердің тәуелсіз сарапшысына айналғаны рас. Видеоға түсіріп алып, әлеуметтік желіге салып, өз бетінше «бұл дұрыс емес қой» деп пайымдап, шешім шығаратындар көбейді. Шындығында, барлық ата-ананың білім бағдарламасындағы талапты талқылауға, мұғалімнің еңбегін бағалауға білімі жете бере

ме? «Мұғалім мәртебесі» туралы заң мен «Педагогтің кәсіби стандарты» шықса да, сол ата-аналар тарапынан айқай-шу арқылы қоғамдық пікір қалыптасып кетеді деген қорқыныш мектеп басшылары мен ұстаздар қауымын алаңдатып қойды. Шын мәнісінде ұстаздық ету – еріккеннің ермегі емес. Мектепке барып жұмыс істеу үшін кәсіби біліммен қатар, табиғи қабілет, өз мамандығына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік сезім керек.

Қазіргі мұғалімдер баламен жұмыс істегеннен гөрі, ата-анамен тіл табысудан шаршайды. Рас, ата-ананың бәрі талапшыл. Өзінің бала тәрбиесінде жіберген қателігін мұғалімнің мүлтіксіз жөндеуін, өз баласының білімі мен тәрбиесінің мінсіз болуын мұғалімнің жауапкершілігіне ысырғысы келеді. Баланың бас ұстазы – ата-ана. Демек ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруіміз керек. Ата-ананың бала тәрбиесі туралы білімі, негізгі ұстанымдары болмаса қиын. Үйінде дұрыс тәртіп, жүйелі тәрбие алмаған бала мектепке келсе де дұрыс тәрбие ала алмайды. Сондықтан аналарды мұғалімдер тарапынан қолдау, олардың педагогикалық мәдениетін дамыту маңызды. Өйткені ол үйінде бала тәрбиелеп отыр.

Білім берудің жаңа бағыттары қандай? Не нәрсеге басымдық берген дұрыс? Қайтсек біз білімді мемлекет боламыз? Осыған орай баламызды қалай тәрбиелеуіміз керек деген ортақ мүддеге жұдырықтай жұмылу қажет.

Қазіргі отбасылар баланың сабаққа дайындалуы мен тәрбиесі жөнінде ақылы қызметке жүгінеді. Мұның дұрыс та, бұрыс та жағы көп. Бала ата-анадан алшақтап, үнемі түрлі адамдардың ықпалында жүреді. Біз «ата мектебі» мен «әже мектебі», «аға мектебі» мен «жеңге мектебі» деген ұлттық тәрбиесімізде дәстүрлі болған әлеуметтік


институттарды жоғалтып алдық. Ол ол ма, қаншама бала әке тәрбиесін көрмей өсіп келе жатыр. Сорақы ма? Сорақы нәрсе. Бала ата мен әженің кім екенін білмейтін болса, болашақ өміріндегі олқылыққа әкеліп соғады. Демек ол балаға берілетін тәрбиенің арналары тарыла бастайды.

Қазір бізде «жас көріну» деген тенденция пайда болды. Мысалы, менің замандастарым мен қатарымдағылар қартайғысы келмейді. «Мені әже деп айтпа», «апа» деп айт» дейді. Әрине, жас көрінген жақсы. Бірақ жас көріну де бақыт әкеле бермейді. Уақытты мойындап, кейінгі ұрпақ алдында өз жасыңа сай мейірімді, даналығыңды көрсетер болсаңыз, бала-шағаңыз бен әулетіңіздің, тіпті қоғам алдында беделіңіз өспей ме?! Ақшаң жетпейтін жерге мейірімің мен ақылың жетсе жақсы емес пе?! Біздің көп ата-әжелер немерелеріне бұрынғы аталар мен әжелер әлеуметтік институты беретін құнды ұлттық дүниелерді бере алмай қалды. Демек бала тәрбиесінде ықпалды емес аталар мен әжелер отбасы тәрбиесіндегі өзіндік рөлінен айырылып қалды.

Осы орайда «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты осы оқу жылынан бастап, ата-аналарды педагогикалық қолдау идеясын қолға алып, мектептердегі ата-аналармен жұмысты жолға қойып жатыр. «Даналық мектебі» арқылы мектеп оқушыларына аталар мен әжелердің, ағалар мен жеңгелердің де тәрбие берудегі әлеуетін пайдалануға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көп күш салуда. Осындай қамқорлықты басшылыққа алса, мектептегі тәрбие жұмысы оң нәтижелер береді деген үміттемін.

– Әңгімеңізге рақмет!

**Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**



ТИМУР ТЕМІРХАНОВ.
ЖАСЫ 39-ДА. САЛ
АУРУЫМЕН ТУЫЛҒАН.
ДЕСЕ ДЕ, ӨМІРГЕ ДЕГЕН
ҚҰШТАРЛЫҒЫНЫҢ
АРҚАСЫНДА ЖОЛЫНДА
КЕЗДЕСКЕН БАРЛЫҚ
ҚИЫНДЫҚТЫ БІРТЕ-БІРТЕ
ЕҢСЕРІП КЕЛЕДІ. САЛ
АУРУЫНА ШАЛДЫҚСА ДА
САУ АДАМНАН АРТЫҚ
БОЛМАСА, КЕМ ЕМЕС.
ЕҢБЕКТЕН ӘСТЕ ҚАШПАЙДЫ.
ӨЗІ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ
ЖАСАҚТАМАНЫ ӘЗІРЛЕЙТІН
РЕСЕЙЛІК КОМПАНИЯДА
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЗУШЫ
ЖӘНЕ АУДАРМАШЫ БОЛЫП
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

«МҮМКІНДІКТЕР ШЕКТЕУЛІ ЕМЕС» САЛ АУРУЫМЕН ТУЫЛҒАН АЗАМАТ ЕҢБЕКТЕНУДЕН ЖАЛЫҚПАЙДЫ

«Айына 250 мың теңгеден кем таппаймын, – дейді Тимур – 2019 жылдан бастап ресейлік компаниядамын. Екі тілде аударма жасаймын.

Ағылшыннан орыс тіліне және керісінше орысшадан ағылшын тіліне. Жастайымнан тіл үйренуден қашпағанымның пайдасы тиіп жатыр. Арнайы курстарға қатысып жүріп меңгеріп алдым».

Тимурдың сырқаты ауыр. Алайда тағдыр тәлкегі оның жігерін жасыта алмады. Керісінше, қайрай түскендей. Күн мен түн демей, тапсырмаларды межелеген уақытында өткізеді. Негізгі жұмысынан бөлек, Қазақстандағы бірнеше компанияларда фрилансер ретінде аудармалар жасайды. Ол өзінің білім алуға, жұмыс жасауына, денсаулық күтіміне мемлекет тарапынан үлкен мүмкіндік алғанның тізіп айтып берді.

Тимур ТЕМІРХАНОВ:

*«Іс жүзінде білім беру мүмкіндіктерін айтып өтейін:
 1) Арзан интернет – 7 гигабайт интернет тарифі 1000 теңге тұрады;*

2) Инклюзивті білім беру – егер араласу үшін емес, мектепке білім алу үшін келсе;

3) Жоғары оқу орындары мен колледждерге қабылдау

квоталары мен оқыған уақытпен салыстырғанда ЖОО квотасы екі есеге өсті;

4) Әлеуметтік қамсыздандырудан жұмыс істеуге арналған квоталар – әрине, кейбір жағдайларда бірінші мүгедектік тобын немесе жұмыс істеу мүмкіндігін таңдау қажет;

5) Мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге арналған квоталар – Халыққа қызмет көрсету орталықтарында арбаға таңылған жігіттерді көп көрдім, олар әкімдікте де жұмыс істеп жүр».

Алматыда туып-өскен жігіт Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін «Аудармашы» мамандығы бойынша жоғарғы білім алған. 2008 жылы қолына диплом алған ол дәл осы мамандық бойынша магистратураны тәмамдаған. Тимур қолдан келгенше қоғамға пайдалы болсам дейді. Себебі мүгедектігі бар азаматтардың көбінің бойында патерналистік көңіл-күйдің, әлеуметтік масылдықтың бар екенін жасырмады.

Тимур ТЕМІРХАНОВ:

«Меніңше, мүмкіндіктер шектеулі емес. Бәрі де адамның таңдауына байланысты. Егер арзан интернет болса, ол шынымен де қолжетімді болса, тіл үйренгісі келсе, киім пішу және тігумен айналысқысы келсе, онда көптеген тегін курстар бар ғой».

Тимур Темірханов компьютерлік бағдарламаларды әзірледі, оны пысықтауды, кодтау тілін де меңгеріп алған. Ал клавиатура – оның шынайы досы. Біз де еңбегінің еленіп, қуанышының арта беруін тіледік.

Бүгінде Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар 719 мыңнан астам адам тұрады. Соңғы жылдары мүгедектігі бар адамдардың



құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Әлеуметтік кодекс пен басқа да заңнамалар қабылданды. Ол өз кезегінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім алуға, жұмысқа тұруға, медициналық, әлеуметтік көмекке және т.б. құқықтарға кепілдік береді. Мүгедектігі бар ересек азаматтар мен ерекше

қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтары да ашылды. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесі жетілдіріліп жатыр. Республиканың барлық өңірлерінде кедергісіз орта құру бойынша жұмыстар өз жемісін береді деген үміттеміз.

Олжас ӘБІДХАЛЫҚ,
журналист

ЕКІНШІ ТОҚСАН ЗУ ЕТІП ӨТЕ ШЫҚТЫ. ЕҢ ҚЫСҚА ТОҚСАН БОЛСА ДА ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТЕЛІКТЕР ОСЫ УАҚЫТ АРАЛЫҚТАРЫНДА БОЛДЫ. ҚАРАША – ҚЫСТЫҢ ЕСІГІ ДЕП АЙТАДЫ ҒОЙ, СОЛАЙ ҚЫСТЫҢ ЕСІГІ АЙҚАРА АШЫЛЫП, ҚЫЛЫШЫН СҮЙРЕТІП ҚЫС ТА ЖЕТІП КЕЛДІ. ҚАНШАМА ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕРДІҢ КУӘСІ БОЛҒАН МЕЗГІЛ ОСЫ ЕДІ. АУЫЛДА, ДАЛА ТӨСІНДЕ ҚОЛДАН СЫРҒАНАҚ ЖАСАП АЙҒАЙЛАП, АУЫЛДЫ У-ШУ ҚЫЛЫП ОЙЫННЫҢ ҚЫЗЫҒЫНА БАТЫП, ҚАС ҚАРАЙЫП, КҮН БАТҚАНША ЕСІМІЗ ШЫҚҚАНША ОЙНАУШЫ ЕДІК ҚОЙ. БҰЛАЙ АСЫР САЛА ОЙНАМАҒАН ЖАН КЕМ ДЕ КЕМ БОЛАР. ОСЫ КЕЗДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫНАЙЫ, ЕШ КӨЗБОЯУШЫЛЫҚСЫЗ ЕЗУ ТАРТЫП КҮЛГЕНДЕРІН КӨРІП ӨЗІМ ДЕ БІР МӘЗ БОЛЫП ҚАЛАТЫНМЫН. АЛ БИЫЛҒЫ ҚЫСЫМ АЛДЫҒЫ ҚАРСЫ АЛҒАН ҚЫСТАРЫМНАН ӨЗГЕШЕ, ЕРЕК БОЛДЫ.

Тоқсан аяқталуға аз қалды. Сыныпта, жалпы мектепте әдеттегідей қарбалас, қызу тіршілік болмады. Барлығы үйді үйіне тарасып, қоштасып жатты. Осындай сәттерде туған өлкеме, суы тартылып бара жатса да менің әр сәтімнің куәгері болған Арал теңізіне, ауылыма деген сағыныш сезімі мені толқытатын. Туған жерге деген махаббат осыншалықты боларын бұрын білмеп едім. Міне, сол кіндік қаным тамған жеріме барудың сәті бір түспей кетті.

Мұндайда, Шөмішбай Сариевтің:

*Арал деген шөл даланың ұлымын,
Сол даланың еркесінің бірімін,
Теңізімнің бірі жартас, бірі құм,
Аунап өскен ақшағыл құм тұнығын.
Мені тербеп жаңғыл-жусан желегі,
Көзім жұмсам көз алдыма келеді,
Арал деген шөл далада шөлдедім.
Мәңгі-мәңгі махаббаттың шөлі еді
– деген өлең жолдарын сөзіме*



«ЫНТЫМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛДІ ЖАУ ДА, ДАУ ДА АЛМАЙДЫ»

арқау етпеу қате болар. Демалыс күнінің бірінде мен бауырларыма шешендік әңгіме айтып бермекші болдым. Соның ішінен Төле би мен әкесі Әлібек бидің «татулық, бірлік» туралы әңгімесін айтайын дедім. Себебі, іні-сіңлілерім дауласып қалатын кездері де аз емес еді.

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

– Балам, мынаны сындырып көрші. Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

– Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді. Әлібек би:

– Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда. Төле бала:

– Түсіндім, әке бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегенінің мәнісі осы, – депті.

Осы әңгіме арқылы бауырларымының «татулық, ынтымақ» жайлы ойын өзгерте алдым деп ойлаймын. Себебі, алғашында олардың татулық жайлы ойы «Татулық бірігіп жұмыс жасау» болды, ал әңгімені тыңдап, «Татулығы бар адамдарды ешкім жеңе алмайды, ал бізде татулық болмаса, біз күйреген ел секілді боламыз», деді. Мен шешендік әңгіменің оларға жақсы әсерін бергеніне қуанып қалдым.



**Нұрқаным ЖАРҚЫНБЕКҚЫЗЫ,
«Ділмар» үйірмесіне үміткер
Республикалық Абай мектебінің
8 сынып оқушысы**

ӨТКЕНДЕ ҚАРЖЫ МОНИТОРИНГІ АГЕНТТІГІ ЕЛІМІЗДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫН (АВТОХҚО) ЖАППАЙ ТЕКСЕРУДІ БАСТАДЫ. СЕБЕБІ СОҢҒЫ УАҚЫТТА ҚУЛЫҒЫНА ҚҰРЫҚ БОЙЛАМАЙТЫН ҚУЛАР ШЕТЕЛДЕН ӘКЕЛІНГЕН ЖҮК КӨЛІКТЕРІ МЕН АВТОБУСТАРДЫ УТИЛЬ АЛЫМ МЕН АЛҒАШҚЫ ЖАРНАСЫЗ ЗАҢСЫЗ ТІРКЕУГЕ ҚОЙЫП, ҚАЛТАЛАРЫН ҚАМПАЙТҚАН ЕКЕН. ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАННЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ ТЕК 2022-2023 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА МЕМЛЕКЕТКЕ 14 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ЗАЛАЛ КЕЛГЕН. ҚАЗІР ОСЫНДАЙ ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСЫ БАР ДЕГЕН КҮДІКПЕН АВТОЦОН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДАН ҚҰРАЛҒАН 59 АДАМ ТЕРГЕЛІП ЖАТЫР.

Утиль алым мен алғашқы тіркеудің қымбаттығы қарапайым жұртты қылмысқа итермелеп жатқаны жасырын емес. Бір жапырақ қағаз үшін миллиондап теңге төлегенше, тиісті органдардың мұртын майлап, көлік рәсімдеу елімізде жиіледі. Мәселен, өткен айда Көкшетауда 68 көлікті жалған құжатпен тіркеуге қойған топ ұсталды. Олар шетелден

ҚАҒАЗДАҒЫ ҚЫРЫҚ КӨЛІКТІҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ ДА ТАЗА ЕМЕС...



әкелінген 68 машинаны көк тиын төлеместен «қазақ» қылып құжат жасатқан. Осы арқылы шамамен 500 млн теңге үнемдепті. Бірақ Қаржы мониторингі агенттігінің қақпанына түсіп қалған.

Бұл жағдай қымбат утильді айналып өтудің басы да соңы да емес. Өткенде Қонаев қаласында қырыққа тарта фураның дәл осы схемамен тіркеуге қойылғанын жазғанмын. Алматы облысындағы процессингтік орталық пен АвтоЦОН қызметкерлері ескі жүк көліктерін жалған құжат арқылы жаңартумен айналысқан. Бұл сөзімді дәлелдейтін қызық бір құжат қолыма түсті. Ол жерде 2023 жылдың қазан-қараша айларында заңсыз рәсімделген 40 фураның тізімі жазылған. Алматы

облысының әкімшілік полициясы мен АвтоХҚО қызметкерлері (бәрі емес шығар) өртеніп кеткен, соғылып, жүруге жарамсыз болып қалған жүк көліктерінің құжаттарын пайдаланып шетелден әкелінген фураларды тіркеуге қойған. Мұндағы мақсат утиль алым алғашқы тіркеу жарнасынан ақша үнемдеу екен. Өйткені жүрілгеніне бес жылдан асқан жүк көліктерін тіркеу құны қазір 8 млн теңгенің төңірегінде. Ал көлік жаңа болса, небәрі 800 теңге төлеп, тіркеуге қоюға болады. Сондықтан артық шығындалғысы келмейтін пысықайлар ескі көліктерінің құжатын мейлінше жаңартып, жасартып жаздырып алуға тырысады екен.

Мәселен, 2013 жылғы VOLVO фурасын тіркеу құны шамамен 10 млн теңге болады. Егер жолын тауып, оны кемі 2017 жылғы деп құжаттарын қолдан жасаса, небәрі 4 млн теңге төлеп тіркеуге қояды. Алты миллион теңге қалтаңда қалады. Танысы бардың «шансы» бар деген осы. Ал осындай қызметі үшін автоХҚО мен әкімшілік полиция басқармасындағы жауаптылар 2 миллион теңгеге жуық ауызбастырық алатын көрінеді. Тіпті кейбір пысықайлар, жүк көліктерінің VIN кодын, түр-түсін тіпті қозғалтқыш көлемін өзгертіп жаздырыпты.

«Мына қағаздағы қырық көліктің қай-қайсысын тексерсең де таза емес, шикілік табылады», – дейді осы тізімді жіберген дерекөз. Демек жекелеген адамдардың жеке бас пайдасы үшін қазына миллиондардан қағылып жатыр. Бір айда шамамен 500 миллион теңге бюджетке емес бәз біреулердің қалтасына кетеді екен. Енді мұндай жағдайды болдырмас үшін Қаржы мониторингі агенттігі базаға жалған ақпарат енізуге болмайтын жүйе жасалады дейді.

Қаржы мониторингі агенттігінің ресми өкілі Әлібек Әбділов: «Автокөлік құралдарын ел аумағында одан әрі заңсыз аяқтық схемалармен тіркеуді болдырмау мақсатында агенттік ақпараттық жүйелерді айналып өтіп, деректерді қолдан енгізу мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдады. Азаматтарға арналған үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік корпорация қызметінің қағидаларына заңанамлық негізде тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде», – деді.

Диас НҰРАҚЫН,
Алматы

ТАЛАС КӨКТЕМІ. ҚҰЛАГЕР ҚҰЛЫН...



Жамбыл облысы, Талас ауданы, Үшарал ауылына тақау жерде, көкпеңбек табиғатқа орна бастаған Ақсай жазығында, тасжол бойында шуқтап күрең бие, қасында тұрпаты ғажап мына құлын тұр.

Көз тимесінші!..

*Белгілі журналист, қоғам қайраткері
Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕННІҢ Фейсбук парақшасынан*

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)